КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Қазақстан Республикасының атынан
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 15 мамыр №3115-24-00-2/439 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.К.Ясарова,
сот отырысының хатшысы Н.Байболатованың қатысуымен ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Елге Қамқор» мүгедектер қоғамдық бірлестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Ш.Сулейменова
жауапкер өкілдері Р.Өмірбеков, А.Алиева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен (бұдан әрі-талап қоюшы) «Елге Қамқор» мүгедектер қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі- жауапкер) арасында 2023 жылғы 20 қарашада магнитте пластикалық куверткалар жасауға (бұдан әрі-жұмыс, тауар) жалпы сомасы 277 000 теңгені құрайтын мемлекеттік сатып алу туралы №247 шарт жасалған (бұдан әрі - Шарт).

Шарттың 1 қосымшасына сай орындау мерзімі шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде деп көрсетілген. Яғни, 2023 жылғы 06 желтоқсанға дейін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

2023 жылғы 27 қарашада жауапкер жұмысты орындап, куверткаларды жеткізген. Алайда жұмыс, яғни пластикалық куверткалар техникалық ерекшелікке сәйкес келмегендіктен қабылданбаған.

Осыған орай, 2023 жылғы 30 қарашада талап қоюшы жарнама актісін жасаған.

2023 жылғы 20 желтоқсанда жауапкерге ескерту хаты жолданған.

Алайда, жауапкер жеткізілген тауарды ауыстырмаған. 2023 жылғы 25 желтоқсанда тауарды алып кеткен.

Талап қоюшы сотқа талап қою келтіріп, онда жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамағанын көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Жауапкерден талап қоюға пікір түскен жоқ.

Талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, жауапкер негізінде шарт талаптарына сәйкес тауарды жеткізуге тиіс болғанын, тауарды ауыстырмағанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілдері талап қоюмен келіспей, жасалған пластикалық куверткалар техникалық ерекшелікке сәйкес келетінін көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 272 бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабының 4 тармағының 3 тармақшасына сай (бұдан әрі-Заң), мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі ол, мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Шарттың 2.1 тармағына сай орындаушы осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жұмысты орындауға міндеттенеді, ал тапсырыс беруші орындалған жұмысты қабылдауға және орындаушы шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы шарттың талаптарында ақы төлеуге міндетті.

Шарттың 5.2 және 5.3 тармақтарына сай осы шарт шеңберінде орындалатын жұмыстар техникалық ерекшелікте және жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі неме олардан жоғары болуы тиіс. Егер орындалған жұмыстардың нәтижелері тексеру кезінде техникалық ерекшелік және (немесе) жобалау-сметалық құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, орындаушы тексеру сәтінен

Құжатқа қол қойылған: Ясарова Р. К., 22.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 25.06.2024, судья Калымжанов Е. А., 25.06.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

бастап 3 күн ішінде тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз техникалық ерекшелік және (немесе) жобалау-сметалық құжаттама талаптарына сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.

Сот отырысында анықталғаны талап қоюшы жарнама актісін жасап, онда жұмыс, яғни тауар техникалық ерекшелікке сәйкес еместігін көрсеткен.

Атап айтқанда, тауардың тауарлық жағдайы техникалық ерекшелікке сәйкес келмеген, кувертканың биіктік өлшемі техникалық ерекшелік бойынша 100 мм болуға тиіс, ал жауапкер ұсынған кувертканың биіктік өлшемі 98 мм, ен өлшемі 2,5 болуға тиіс, ал ұсынылған ен өлшемі 3 мм, тіреуіштің биіктік өлшемі 12 мм, ал ұсынылғаны 9 мм, тіреуіштің ені 45 мм болуға тиіс, ал ұсынылғаны 49 мм.

Сот жауапкер өкілінің жеткізілген куверткалар техникалық ерекшелікке сәйкес деп айтқан уәждерін негізсіз деп санайды, өйткені ол сотқа өз уәждерін дәлелдейтін дәлелдемелерді ұсынған жоқ.

Шарттың 11.1 тармағына сай, егер шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

Алайда, іс құжаттарында мұндай жағдайлар көрінбейді. Жауапкер сотқа шарт талаптарының маңызды себептермен орындалмағанын дәлелдейтін құжаттар ұсынған жоқ.

АПК-нің 72 бабының 1 бөлігіне сай әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге тиіс.

Жоғарыда көрсетілгендер негізінде талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 117 бабына сай жауапкерден 1846 теңге мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Елге Қамқор» мүгедектік қоғамдық бірлестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Ясарова Р. К., 22.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 25.06.2024, судья Калымжанов Е. А., 25.06.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«Елге Қамқор» мүгедектік қоғамдық бірлестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Елге Қамқор» мүгедектік қоғамдық бірлестігінен мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге АПК-нің 403 және 404-баптарының талаптарына сәйкес келетін апелляциялық шағым немесе прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы берілуі мүмкін.

Шешім түпкілікті нысанда 2024 жылғы 22 мамырда әзірленді.

Судья Р.К.Ясарова

Құжатқа қол қойылған: Ясарова Р. К., 22.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 25.06.2024, судья Калымжанов Е. А., 25.06.2024